
	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс.№ Тексеру күні:
	ҚҚЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс.№ Тексеру күні:
	ҚҚЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

БЕКІТЕМІН

Қазтуғынуодағы Қарағанды
экономикалық университетінің
ректоры Э.Ғ.Д., профессор
Е.Б. Аймағамбетов




_____ 2020 ж.

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

ҚҚЭУ-Е-81-2020

ҚАРАҒАНДЫ - 2020

	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс.№ Тексеру күні:
	КҚЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

1. Мақсаты және қолдану саласы: осы ереже Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің Ғылыми кеңесі жұмысын ұйымдастырудың тәртібін анықтайды.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- 2.1 «Білім туралы» Қазақстан 27.07.2007 ж. Республикасының Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен)
- 2.2 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім ұйымдары қызметінің үлгі ережесі 30.10.2018 ж. №595 ҚР БҒМ бұйрығы
- 2.3 Жоғары оқу орны Ғылыми кеңесінің қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережелері 22.11.2007 ж. №574 ҚР БҒМ бұйрығы

3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.

3.1

Қысқартулар:

КҚЭУ	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті
БҒСБК	Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі комитет
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі


4. Жауапкершілік

Ғылыми кеңестің төрағасы және оның мүшелері, ғылыми хатшы осы Ереженің орындалуына жауапкершілік көтереді.

5. Жалпы ережелер

5.1 Университеттің Ғылыми кеңесі жоғары алқалық сайланбалы басқару органы болып табылады.

5.2 Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Ғылыми кеңес туралы осы Ережені, сондай-ақ Университет Жарғысын басшылыққа алады.

	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс..№ Тексеру күні:
	КҚЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

5.3 Ғылыми кеңестің қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді ұжым болып талқылауға, жариялылыққа негізделеді.

5.4 Ғылыми кеңес өзінің жұмысын тиісті оқу жылына әзірленетін, бекітілген жоспар негізінде ұйымдастырады.

6. Ғылыми кеңестің негізгі міндеттері

6.1 Ғылыми кеңестің негізгі міндеттері болып мыналар саналады:

6.1.1 Университеттің ары қарайғы дамуына жәрдемдесу;

6.1.2 Заманауи талаптарға жауап беретін бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мақсатында, университет басшылығының, оның профессорлық-оқытушылық құрамының, әкімшілік-басқару қызметкерлерінің, оқу-көмекші қызметкерлерінің және қызмет көрсету қызметкерлерінің күшін біріктіру;

6.1.3 Университет миссиясын, даму бағдарламаларын, кәсіптік білім беру бағдарламаларын табысты іске асыру үшін университеттің білім алушылары және профессорлық-оқытушылық құрамы үшін қажетті жағдайлар жасау;

6.1.4 Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту.

7. Ғылыми кеңестің құзыреттері


7.1 Университетті дамытудың стратегиясын/тұжырымдамасын/жоспарын/саясатын, миссиясы мен мақсатын анықтайды;

7.2 Университеттің оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу, халықаралық, қаржы, әкімшілік-шаруашылық қызметінің барлық негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

7.3 Университеттің ғылыми қызметін дамыту стратегиясының мәселелерін қарайды және шешеді, университет қызметінің басым ғылыми бағыттарын бекітеді, іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу нәтижелері туралы Университеттің құрылымдық бөлімшілерінің басшыларын тыңдайды;

7.4 Университеттің академиялық саясатын, академиялық адалдық кодексін, коррупция кодексін, білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, оқудың барлық сатылары мен формаларындағы академиялық күнтізбені, профессорлық-оқытушылық құрамның жылдық орта педагогикалық жүктемесін бекітеді;

7.5 Оқу процесін дамыту стратегиясы: даярлықтың жаңа бағыттарын ашу, білім беру бағдарламалары, мамандар даярлаудың жүйелері мен технологиялары, Университеттің білім беру қызметін кадрлық және материалдық қамтамасыз ету, оқу және ғылыми бағыттар бойынша

	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс.№ Тексеру күні:
	ҚКЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

халықаралық байланыстар, білім алушылар контингентін қалыптастырудың өзге де мәселелерін шешу бойынша шешімдер қабылдайды;

7.6 Университеттің құрылымын (зертханалары, кафедралары, институттары, факультеттері және т.б.) бекітеді;

7.7 Оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие, халықаралық, ақпараттық, қаржы-шаруашылық және әкімшілік қызметін жүргізудің формалары мен әдістері туралы ректордың, университет проректорларының, институттар директорларының, университеттің құрылымдық бөлімшелер басшыларының, кәсіподақ ұйымы төрағасының жыл сайын есептерін тыңдайды;

7.8 Университет қызметінің қаржылық-шаруашылық қызметі туралы бақылауды ұйымдастырады, есептерін тыңдайды және бекітеді;

7.9 Университет символикасын бекітеді;

7.10 Университет қызметкерлерін, шығармашылық ұжымдарды үкіметтік наградалар мен құрметті атақтарға ұсыну туралы, стипендиялар мен сыйлықтар алуға ұсыну туралы, ғылым академияларының толық мүшелеріне және корреспондент мүшелеріне сайлану конкурстарына қатысу үшін, «ЖОО үздік оқытушысы» конкурстарына қатысу үшін және т.б. мәселелерді қарайды;

7.11 Дипломдық жұмыстар бойынша бакалаврлардың, диссертациялық зерттеулер бойынша магистранттар мен докторанттардың тақырыптарын, ғылыми жетекшілерін бекітеді;

7.12 Монографияларды, оқулықтарды, оқу құралдарын және оқу-әдістемелік әзірлемелерін басып шығаруды қарайды және ұсынады;

7.13 Университеттің құрметті атағын бекітеді және береді;

7.14 Жоғары кәсіптік білімнің көп деңгейлі жүйесі бойынша мамандар даярлаудың жаңа бағыттарын, оқу мерзімдері мен формаларын анықтайды;

7.15 Студенттерді ақылы бөлімнен білім грантына және экстернат формасында оқуға ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

7.16 ҚР Президенті бекіткен стипендияларды және атаулы стипендияларды тағайындау туралы шешім қабылдайды;


7.17 Қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор ғылыми атағын беруге ұсынады;

7.18 Алқалық шешімді қажет ететін, университет қызметінің басқа да мәселелерін қарайды.

8. Ғылыми кеңес құрамы

8.1 Ғылыми кеңес университет ректорының бұйрығымен құрылады.

8.2 Ғылыми кеңестің құрамына университет ректоры, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессорлық-оқытушылық құрамның, ЖОО студенттік және қоғамдық ұйымдарының өкілдері кіреді.

	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс.№ Тексеру күні:
	КҚЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

8.3 Ғылыми кеңес құрамы 3 жыл мерзімге сайланады және оның мүшелерінің тақ санынан тұрады. Қажет болған кезде шешіммен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

8.4 Хатшы Ғылыми кеңестің төрағасына, соның негізінде «Ғылыми кеңес құрамына өзгерістер енгізу туралы» Бұйрық шығарылатын, дәлелді ұсыныстар дайындайды.

8.5 Ғылыми кеңес мүшесі университетте жұмыстан шыққан(шығарылған) жағдайда, ол Ғылыми кеңес құрамынан автоматты түрде шығарылады.

3.9 Бұрын сайланған өкіл кетіп қалған немесе оны кері шақырып алған жағдайда Университеттің Ғылыми кеңес құрамын өзгерту, қажеттілікке қарай принципінде жүзеге асырылады және университет ректорының бұйрығымен хабарланады.

8.6 Университет ректоры Ғылыми кеңестің төрағасы болып саналады.

8.7 Төраға төрағаның орынбасарын тағайындайды. Төраға болмаған жағдайда оның міндетін оның орынбасары атқарады.


8.8 Төраға Ғылыми кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

8.9 Хатшыны Ғылыми кеңес сайлайды және орындайтын функциялары:

- Ғылыми кеңес отырысын дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету;
- материалдарды отырысқа ресімдеу;
- алдағы отырыс туралы күн тәртібімен хабарландыруды таратуды жүзеге асыру;
- Ғылыми кеңес отырыстарының хаттамаларын және Ғылыми кеңестің іс қағазын жүргізу;
- Ғылыми кеңес отырысына мәселелерді дайындау үшін барлық құрылымдық бөлімшелерден қажетті ақпараттар сұратып алу;
- Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асыру.

8.10 Ғылыми кеңес университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімдерін растайды.

8.11 Университеттің Ғылыми кеңесінің (я болмаса оның төрағасының) шешімі бойынша университеттің Ғылыми кеңесінің отырысына мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, ғалымдар мен басқа да мамандар қажетті мәліметтер беру және университеттің Ғылыми кеңесі қарайтын мәселелер бойынша қорытындылар беру үшін шақыртылуы мүмкін.

	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс..№ Тексеру күні:
	КҚЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

9. Ғылыми кеңес жұмысын ұйымдастыру

9.1 Ғылыми кеңес өзінің жұмысын оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

9.2 Ғылыми кеңестің отырысы бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, жазғы демалыс кезеңін қоспағанда, айына кем дегенде 1 рет (сейсенбіде) өткізіледі.

9.3 Ғылыми кеңестің отырысы, егер оның мүшелерінің кем дегенде 2/3-і қатысса, заңды болып табылады. Ғылыми кеңес мүшесі орынды себептер бойынша отырысқа қатысуға мүмкін еместігі туралы төрағаны ертерек хабардар етуі тиіс.

9.4 Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысы келу парағында университеттің Ғылыми кеңес мүшесін тіркеуден басталады.

9.5 Күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер жобалары, келу парағына тіркеу кезінде отырыс басталардың алдында университет Ғылыми кеңесі мүшелеріне беріледі.

9.6 Ғылыми кеңестің отырысы хаттамамен ресімделеді.

9.7 Хаттамаға Ғылыми кеңестің төрағасы және университеттің ғылыми хатшысы қол қояды.

9.8 Университет қызметкерлерінің және білім алушыларының университеттің Ғылыми кеңесінің материалдарымен танысуға және олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша Ғылыми кеңес шешімінен үзінділер алуға құқы бар.


9.9 Ғылыми кеңес жұмысының оперативті қызметін жүзеге асыру үшін оның мүшелерінің қатарынан, сондай-ақ қоғамдық бастауларда қызметкерлерді тарту жолымен, Ғылыми кеңестің жұмыс комиссиясы құрылады.

9.10 Жұмыс комиссиясының құрамын Ғылыми кеңес төрағасы бекітеді.

9.11 Жұмыс комиссиясының функцияларына, оларды алдағы отырыстарда қарау үшін Университеттің оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметін ұйымдастыру мәселелерін дайындау кіреді.

9.12 Университеттің Ғылыми кеңесінің кезектен тыс отырысы университеттің Ғылыми кеңесі төрағасының ұсынысы бойынша, сондай-ақ Ғылыми кеңес мүшелерінің талап етуі бойынша, оның орынбасарының бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

9.13 Ғылыми кеңес төрағасы Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын жүйелі тексеруді ұйымдастырады және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы Ғылыми кеңес мүшелерін хабардар етеді.

	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс.№ Тексеру күні:
	ҚКЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

10. Дауыс беру және шешімдер қабылдау тәртібі

10.1 Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі оның отырыстарында ашық немесе жабық дауыс берумен қабылданады.

10.2 Ғылыми кеңес отырысында төраға ашық дауыс беруді жүргізеді. Университет Ғылыми кеңесінің мүшелері дауысқа қойылған мәселе бойынша жауап нұсқаларының бірін таңдап, қолын көтеру арқылы: «жақтады», «қарсы», «қалыс қалды» деп, өз пікірін білдіреді.

10.3 Егер оны жақтап университет ғылыми кеңесі мүшелерінің отырысқа қатысқандарының жартысынан көбі дауыс берсе, шешім қабылданған болып есептелінеді.

10.4 Жасырын дауыс беруді талап етпейтін барлық шешімдер, ашық дауыспен қабылданады.

10.5 Ашық дауыс берудің басталуы алдында төраға, дауыс беруге қойылатын ұсыныстардың саны туралы хабарлайды, олар дауысқа қойылатын тұжырым мен реттілік нақтыланады, қандай көпшілік дауыспен (отырысқа қатысатын және дауыс беруге қатысатын университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің қатарынан, университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің жалпы санынан) шешім қабылдануы мүмкін екендігі туралы айтады.

10.6 Ашық дауыс беру қол көтерумен және берілген дауыстарды санаумен жүргізіледі. Дауыстарды санауды төраға жүргізеді.

10.7 Жасырын дауыс беру келесі мәселелер бойынша жүргізіледі:

- Университеттің Ғылыми кеңесін мерзімінен бұрын сайлау туралы;
- қауымдастырылған професор (доцент) және профессор ғылыми атағына ұсыну туралы;

10.8 Жасырын дауыс беру бюллетеньдермен жүзеге асырылады.

10.9 Жасырын дауыс беру жүргізу және оның нәтижелерін анықтау үшін университеттің Ғылыми кеңесі, университеттің Ғылыми кеңесі мүшелері қатарынан санақ комиссиясын ашық дауыспен сайлайды.

10.10 Санақ комиссиясының құрамына мыналар сайланбайды:


- жасырын дауыс беру үшін тегі бюллетеньге енгізілген тұлға;
- университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы, оның орынбасары және университеттің ғылыми хатшысы;
- жасырын дауыс беру үшін кандидатураларды ұсынатын тұлғалар.

10.11 Санақ комиссиясы өзінің құрамынан комиссия төрағасын сайлайды.

10.12 Санақ комиссиясы жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдерді, олардағы қажетті ақпараттың мазмұнын тексереді.

10.13 Әрбір мәселе бойынша дауыс беру үшін университеттің Ғылыми кеңесінің әрбір мүшесіне бөлек бюллетень беріледі.

10.14 Жасырын дауыс беру үшін бюллетенді университеттің Ғылыми кеңес мүшелері арнайы жәшікке салады.

	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс.№ Тексеру күні:
	КҚЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

10.15 Жасырын дауыс беру нәтижелері туралы санақ комиссиясы хаттама жасайды, оған санақ комиссиясының барлық мүшелері қол қояды және нәтижесін университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында санақ комиссиясының төрағасы оқиды.

10.16 Университеттің Ғылыми кеңесі, университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің қатысқандары санынан ашық көпшілік дауыс берумен санақ комиссиясының хаттамасын бекітеді немесе бекітпейді, соның негізінде төрағалық етуші Ғылыми кеңес қабылдаған шешімді хабарлайды.

10.17 Барлық мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелері университет Ғылыми кеңесі отырысының хаттамасына жазылады.

10.18 Бір мәселе бойынша дауыс беру кезінде университет Ғылыми кеңесінің мүшесі бір дауысқа ие болады, оны шешім қабылдауды жақтап немесе оған қарсы береді, не шешім қабылдаудан қалыс қалады.

10.19 Университеттің ғылыми кеңесінің мүшесі дауыс беруге өзінің құқын өзі жеке жүзеге асырады. Дауыс беру кезінде болмаған университет Ғылым кеңесінің мүшесі, дауыс беру аяқталғаннан кейін, я болмаса осы мәселе бойынша дауыс беру үшін университет Ғылыми кеңесі қабылдағаннан жақсы тәсілмен өз дауысын беруге құқы жоқ.

10.20 Дауыстарды санау аяқталғаннан кейін төрағалық етуші, шешім қабылданғанын немесе қабылданбағанын (ауытқытылғанын) хабарлайды.

10.21 Дауыс беруді жүргізу үшін қажет кворум болмаған кезде, төрағалық етуші дауыс беруді университет Ғылыми кеңесінің келесі отырысына ауыстырады.

10.22 Ғылыми кеңестің шешімі оған Университет ректоры - Ғылыми кеңес төрағасы қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

11. Ғылыми кеңестің отырыстарына материалдар дайындау


11.1 Ғылыми кеңес отырысы үшін комиссия және жекелеген орындаушылар дайындаған материалдар, қаралатын мәселенің мазмұнына және оның көлеміне қарай еркін формада болуы мүмкін. Құжаттардың жекелеген тізбелері (жоспарларды бекіту, конкурстық істер және т.б.) талап етілетін мәселелерді қоспағанда.

11.2 Ғылыми кеңес отырысына ұсынылатын мәселе бойынша құжаттар көлемі, оның сипаты мен ауқымына байланысты, кез келген болуы мүмкін.

11.3 Құжаттар келесі жалпы талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- қаралатын мәселенің мазмұны реттілікпен, анық, қысқа баяндалуы тиіс;

- оң нәтижелерден, кемшіліктерден және олардың себептерін талдаудан тұруы тиіс;

	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс.№ Тексеру күні:
	КҚЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

- мәселені тиімді шешуге бағытталған логикалық қорытындылардан тұруы тиіс.

11.4 Комиссия төрағасының (жекелеген орындаушының) баяндамасы 10-15 минуттан аспауы тиіс.

11.5 Ғылыми кеңес шешімінің жобасы жұмыстардың орындалуына жауапты адамдар және орындау мерзімдері көрсетіле отырып, қысқаша айқындама бөліктен және қаулы алатын бөліктен тұруы тиіс.

11.6 Дайындалған материалдардың жиынтығына жекелеген орындаушы немесе жұмыс комиссиясының төрағасы және мүшелері, тексерілетін бөлімшенің басшысы виза қояды және тиісті деканмен/директормен және бағыты бойынша проректормен келісіледі.

11.7 Белгіленген мерзімде (Ғылыми кеңес отырысына дейін кем дегенде 5 жұмыс күнінде) жекелеген орындаушы және комиссия төрағасы(комиссия құрылса) ғылыми хатшыға университеттің Ғылыми кеңесінің күн тәртібіндегі мәселе бойынша қағаз және электрондық нұсқада анықтама/баяндама және шешім жобасын табыс етеді.

11.8 Баяндамада немесе шешім жобасында түбегейлі жетілдіруді қажет ететін ескерпелер бар болған кезде, ғылыми хатшы оған табыс етілген университет ғылыми кеңесі шешімін және баяндаманы жауапты орындаушыға және комиссия төрағасына қайтаруға және оларды жетілдіріп, жөндеу үшін мерзім белгілеуге құқылы.

11.9 Материалдарды көрсетілген мерзімде табыс етпеген жағдайда, университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы аталған сұрақты күн тәртібінен алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.


11.10 Ғылыми хатшы университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасына университет Ғылыми кеңесі отырысының күн тәртібі бойынша барлық материалдарды отырысқа дейін 3 күннен кешіктірмей табыс етеді.


11.12 Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы табыс еткен материалдарға түбегейлі ескертпелері болған кезде, мәселені қараудан алып тастай алады немесе оны талқылауды университет ғылыми кеңесінің басқа отырыстарына ауыстыр алады, бұл туралы университеттің ғылыми хатшысы жауапты орындаушыға/комиссия төрағасына тез арада хабарлайды.

11.13 «Әр түрлі мәселелерге» сұрақтар дайындау кезінде Ғылыми кеңестің төрағасы Ғылыми кеңес отырысына дейін 5 күннен кешіктірмей құжаттардың толық пакетіне виза қою қажет.

12. Ғылыми кеңестің отырысын қашықтықтан өткізу тәртібі

12.1 Қажет болған жағдайда, Ғылыми кеңестің отырысы бейне конференция форматында қашықтық режимде өткізіледі.

	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс.№ Тексеру күні:
	КҚЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

	Ғылыми кеңес туралы Ереже	Нұсқа 6 2020	Өзгеріс.№ Тексеру күні:
	КҚЭУ-Е-81-2020		12 беттің 1-ші беті

12.2 Ғылыми кеңестің қашықтықтан өтетін отырысы бекітілген жұмыс жоспарындағы күн тәртібіне сәйкес өткізіледі.

12.3 Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібі оның өтетін күніне дейін 1 аптадан кешіктірілмей Ғылыми кеңес мүшелерінің назарына жеткізіледі.

12.4 Бейне конференциялардың сілтемесі және/немесе идентификаторы және паролі Ғылыми кеңес мүшелеріне, баяндамашыларға, шақыртылған тұлғаларға отырыс өтетін күнге дейін 1 аптадан кешіктірмей жіберіледі.

12.5 Ғылыми кеңестің отырысы, егер оған оның мүшелерінің 2/3-і қатысса, заңды болып табылады.

12.6 Ғылыми кеңес мүшесі орынды себептер бойынша отырысқа қатысу мүмкіндігі жоқ екендігі туралы Ғылыми хатшыға кез келген қолжетімді тәсілмен (хабарлама, электрондық поштаға хат, хабарлама және т.) уақтылы хабарлауы тиіс.

12.7 Қашықтық режимде өткізілетін Ғылыми кеңес мүшелерін тіркеу, аудиовизуалды өткізіледі. Университет Ғылыми кеңесінің ғылыми хатшысы келу парағында ғылыми кеңес мүшелерінің бейне конференцияға қосылуын және қатысуын белгілейді.

12.8 Бейне конференция форматында өткізілген Ғылыми кеңес отырысы, отырыстың аудиобейне жазбасын кез келген электрондық тасымалдағышта міндетті тіркеумен, көрсетілен тәртіпте хаттамамен ресімделеді.

12.9 Ғылыми кеңес шешімі дауыстардың қарапайым көпшілігімен ашық дауыс берумен (аудиовизуалды) қабылданады.

12.10 Ашық дауыс беру қол көтерумен немесе сұрау жүргізу жолымен өткізіледі.

13. Шығарылым және тарату. Осы Ереже Ғылыми кеңестің барлық мүшелеріне жіберілуі тиіс.

14. Тіркеу, есепке алу, көбейту, тарату және сақтау "құжатталған ақпаратты басқару" ДП-02 сәйкес жүзеге асырылады. Ереженің түпнұсқасы СДД-да, көшірмелері кафедраларда, құрылымдық бөлімшелерде болады.

15. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі. Ережеге өзгерісті Ғылыми кеңес төрағасы енгізеді.

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

Ғылым хатшы,
э.ғ.к., профессор

А.А. Легостаева

КЕЛІСІЛДІ:

ҚБД директоры

Ю.Н. Еремин

СДД директоры

С.Б. Глазунова



